

Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 248 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 690 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.08.2023 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 22-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 21 ақпандағы
№ 248 қаулысымен
бекітілген

Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін (бұдан әрі – кредит) кепілдендіру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кредит қабілеттілігін бағалау – қарыз алушының кредитті қайтармау тәуекелін бағалау рәсімі;

2) кепілдік міндеттеме – ұйымның кредитор алдында келісімде көзделген тәртіп пен шарттарда айқындалған кепілдік мөлшері шегінде кредит шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерді орындағаны үшін жауап беру міндеттемесі;

3) келісім – кредиттерге кепілдік беру жөніндегі өзара қарым-қатынастардың тәртібін белгілейтін кредитор мен ұйым арасында жасалған шарт;

4) дефолт – қарыз алушының кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындамауы, соның нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес кепілдік міндеттемелерді орындау рәсімінің басталуы;

5) қарыз алушы – кредитор тарапынан кредит берілген жеке тұлға;

6) білім беру кредиті – қаржы ұйымдары мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында оқу ақысын төлеу үшін қарыз алушыға беретін ақша;

7) қаржы ұйымы – қарыз операцияларын жүргізуге лицензиясы бар заңды тұлға (бұдан әрі – кредитор);

8) кепілдік мөлшерін белгілеу әдістемесі – білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілейтін кепілдік беру талаптары, кепілдік мөлшерін анықтау өлшемдері мен тәртібі (бұдан әрі – әдістеме).

2. Білім беру кредиттерін кепілдендіру тәртібі

3. Білім беру кредиттерін кепілдендіру Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес қызметінің негізгі мәні білім беру кредиттері бойынша кепілдіктер беру болып табылатын ұйымдар (бұдан әрі - Ұйым) тарапынан жүргізіледі.

4. Қарыз алушы кредитор белгілеген талаптар бойынша ұйым кепілдік берген кредитті алу үшін кредиторға өтінім береді.

5. Ұйым өз қызметіне қарай қарыз алушымен тікелей өзара қарым-қатынас жасамайды.

6. Ұйым мен кредиторлардың өзара қарым-қатынасы келісіммен реттеледі.

7. Ұйым қарыз алушылар мен кредиттер үшін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жататын өлшемдерді белгілейді.

8. Ұйыммен келісім жасасу үшін кредитор ұйым бекіткен нысан бойынша қол қойылған және мөрмен куәландырған өтініш береді. Өтінішке кредитор ұйым бекіткен және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған тізбеге сәйкес құжаттарды қоса береді.

9. Ұйым осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар ұсынылмаған немесе олар тиісінше ресімделмей ұсынылған жағдайда кредитордың өтінішін қараудан бас тартады.

10. Ұйым келісім жасасу не өтінішті қараудан бас тарту туралы шешімді өтініш тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

11. Келісім:

1) кредитордың кредит қабілеттілігін бағалауды уақтылы және сапалы өткізуі ;

2) кредитордың кредит шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындамауына байланысты кредит шартының тоқтатылғаны туралы ұйымды уақтылы хабардар етуі;

3) кредитордың кредит шарттары жөніндегі міндеттемелерді ағымдағы орындағаны туралы ақпаратты ұйымға беруі;

4) кредитордың кепілдік берілген кредиттер бойынша талап ету құқығын беру кезінде ұйымға жазбаша хабарлама беруі туралы ережелерді қамтиды.

12. Келісім тараптар қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

13. Ұйым бұқаралық ақпарат құралдарында өзімен келісім жасасқан кредиторлардың тізбесін жариялайды.

14. Келісім жасасқан кредитор қарыз алушы оған ұйым кепілдік берген кредитті беруге өтініш білдіргеннен кейін ұйым бекіткен нысан бойынша кредитке кепілдік беруге арналған өтінімді он жұмыс күні ішінде ұйымға жібереді.

15. Ұйым кредитордың өтінішін алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың ұйымның талаптарына сәйкестігін қарайды және кредиторға қол қойылған және мөрмен куәландырылған кепілдік беру міндеттемесінің бір данасын немесе кепілдік беруден дәлелді бас тартуды жібереді.

Кепілдік міндеттемелері ұйымның басқару органы бекіткен кепілдік беру көлемі шегінде ұсынылады.

16. Ұйым:

1) дұрыс толтырылмаған өтінім нысанын ұсынған;

2) қарыз алушы және (немесе) кредит ұйым айқындаған өлшемдерге сәйкес келмеген жағдайларда;

3) келісімде көзделген өзге де жағдайларда кредиторға кепілдік беруден бас тартады.

17. Кредитор ұйым қол қойған және мөрмен куәландырған кепілдік міндеттемесін алғаннан кейін кредитор мен қарыз алушы кредит шартын жасасады.

18. Дефолт туындаған кезде кредитор келісімде белгіленген тәртіппен қарыз алушының негізгі міндеттемесін орындамағаны туралы ұйымды хабардар етеді.

19. Кредитор келісімде белгіленген тәртіппен төлем құжаттарын және кредит бойынша құжаттарды қоса бере отырып, кепілдік сомасын төлеуді талап етумен құжатты береді.

20. Кредит беру кезінде кредитор талаптарға сәйкес келетін кредит қабілеттілігін бағалаған жағдайда, ұйым белгіленген мөлшер шегінде кепілдік сомасын төлейді.

21. Барлық төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырылады.

22. Кредит бойынша кепілдік мөлшері әдістеме арқылы белгіленеді. Кепілдіктің ең төменгі мөлшері негізгі қарыз сомасының 50 пайызын құрайды.

23. Кредит бойынша кепілдік беру міндеттемесі келісімде көзделген тәртіппен:

1) қарыз алушы міндеттемелерді орындап, кредит шарты тоқтатылған;

2) кредитор кепілдік берілген кредит жөніндегі келісім шарттарын орындамаған;

3) ұйыммен келісім жасаспаған кредиторға кредит бойынша талап ету құқығы берілген;

4) осы Қағидалардың не келісімнің талаптарына сәйкес келмейтін кредит қабілеттілігін бағалауды өткізу фактілері анықталған жағдайларда;

5) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және келісімде көзделген өзге де жағдайларда ұйымның кепілдік сомасын төлеуінсіз тоқтатылады.

24. Келісімге кезкелген өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімге қол қою жолымен жүргізіледі.

25. Әдістеме қайта қаралған жағдайда жаңа шарттар жаңадан кепілдік берілетін кредиттерге қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 21 ақпандағы
№ 248 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Екінші деңгейдегі банктердің берген білім беру кредиттеріне "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамының кепілдік беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 745 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 30, 386-құжат);

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 619 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 23, 245-құжат);

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі № 389 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 206-құжат);

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 395 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 33, 394-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК